

**«ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІНІҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ
Т.РЫСҚҰЛОВ АУДАНЫНЫҢ БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ
Ә.БӨКЕЙХАНОВ АТЫНДАҒЫ ОРТА МЕКТЕБІ» КММ-сі**

Б Ұ Й Р Ы Қ №159

Құлан ауылы

29 тамыз 2024 жыл

**Дін саласындағы ақпараттық-ағарту жұмыстарын жүзеге
асыру және діни экстремизмнің алдын алу туралы**

Қазақстан Республикасының дін саласындағы мемлекеттік саясатының 2017-2020 жылдарға арналған тұжырымдамасын орындау және Т.Рысқұлов ауданы әкімдігінің білім бөлімінің іс-шаралар жоспарына сәйкес
Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н:

1. Оқушылар арасында дін саласындағы ақпараттық-ағарту жұмысының іс-шаралар жоспары жасалынып, бекітілсін.

2. Діни экстремизм көріністерінің алдын алу және терроризм қатерлеріне жол бермеу арқылы адамның, қоғамның және мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз ету және бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын орындау мақсатында мектепте азаматтардың өзін-өзі ұстауы жөнінде мұғалімдер, оқушылар, ата-аналар арасында жан-жақты таныстырылсын.

3. Мектеп оқушылары сынып жетекшісінің немесе кезекші мұғалімнің жазбаша рұқсатынсыз сабақты тастап кетуіне жол берілмесін.

4. Мектепте келеңсіз оқиғалардың алдын алу және оқушылар мен педагогтардың қауіпсіздігін сақтау мақсатында, бөгде адамдардың мектепке келуіне шектеу қойылсын. Бөгде адамдардың жеке төлқұжатынсыз кірмеуіне вахтерлар тарапынан бақылау жасалынып, келу мақсатын анықтап барып қана жіберуді қадағаласын. Мектеп қарауылдары мен вахтерлар арасында күндіз-түні кезекшілік орнатылып, мектепке келушілер тіркеліп отырсын.

5. Мектеп аумағына қызметтік емес автокөліктің кіруіне және тұрағына тыйым салынатыны жөнінде ескертілсін.

6. Осы бұйрықтың орындалуын қадағалау міндеті директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Ш.А.Турганбаеваға жүктелсін.

7. Осы бұйрықтың орындалуын өзіме қалдырамын.

Мектеп директоры



Ш.Е.Дайрабаева